

«АМИНА» БӨБЕКЖАЙЫ ЕҢБЕК ҰЖЫМЫНЫҢ №1 ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «31» тамыз 2026 жыл

Жиналыс төрағасы: Мельченко В.А меңгеруші

Хатшысы: Мейремхан М әдіскер

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: 0

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылындағы қызметінің негізгі бағыттары»

КҮН ТӘРТІБІ:

МДҰ-ның өткен оқу жылындағы қызметін талдау және жаңа оқу жылына арналған негізгі міндеттер. Ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен танысу. МДҰ педагогикалық және өзге де қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту және онымен таныстыру.

Тәрбиеленушілердің өмірін қорғау, қауіпсіздік техникасы және денсаулығын қорғау бойынша кіріспе нұсқама жүргізу. Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау және төтенше жағдай кезіндегі қызметкерлердің іс-әрекеті бойынша нұсқама жүргізу. МДҰ лауазымдық тұлғалары және қызметкерлерінің міндеттерімен танысу. Басшының бұйрықтары және МДҰ жергілікті нормативтік актілерімен танысу. Еңбекті қорғау және тіршілік әрекеті қауіпсіздігі жөніндегі комиссияны таңдау. Қызметкерлердің 2027 жылға арналған демалыс кестесін қарау және бекіту.

— 1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды: МДҰ меңгерушісі Мельченко В.А өткен оқу жылындағы ұйым қызметіне талдау жасап, атқарылған жұмыстар, педагогтердің кәсіби қызметі, тәрбиеленушілердің оқу-тәрбие процесі, ата-аналармен жұмыс және қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету бағыттары бойынша қорытынды ақпарат берді. Жаңа 2026–2027 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту сапасын арттыру, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, заттық-дамытушы ортаны жетілдіру және ата-аналармен тиімді ынтымақтастық орнату негізгі міндеттер ретінде белгіленді.

— Қаулы етті: 2025–2026 оқу жылындағы МДҰ қызметінің қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын. 2026–2027 оқу жылына белгіленген негізгі міндеттерді орындау барлық қызметкерлерге міндеттелсін. Педагогтер оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізсін.

. — 2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

тыңдалды: МДҰ меңгерушісі Мельченко В.А қызметкерлерді ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен таныстырды. Қызметкерлердің жұмыс уақыты, еңбек тәртібі, міндеттері, жұмыс орнындағы тәртіп, еңбек демалысы және еңбек тәртібін сақтау талаптары түсіндірілді.

Қаулы етті: Ішкі еңбек тәртібінің ережелері бекітілсін. Барлық қызметкерлер ережелер талаптарын қатаң сақтасын. Қызметкерлердің ережелермен танысқаны қол қою арқылы расталсын.

— 3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды: Әдіскер Мейремхан М МДҰ педагогикалық және өзге де қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары қаралып, әр қызметкердің қызметтік міндеттері мен жауапкершілігі түсіндірілді.

Қаулы етті: Педагогикалық және өзге де қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары бекітілсін. Қызметкерлер өздерінің лауазымдық нұсқаулықтарымен таныстырылсын. Лауазымдық міндеттерді сапалы әрі уақтылы орындау қамтамасыз етілсін.

— 4-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды: Еңбекті қорғауға және қауіпсіздік техникасына жауапты тұлға Мельченко В.А қызметкерлерге тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік техникасы, еңбек қауіпсіздігі және төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша кіріспе

талаптарын сақтау, жарақаттанудың алдын алу және төтенше жағдай кезінде дұрыс әрекет ету талаптары түсіндірілді.

Қаулы етті: Қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау талаптары қатаң сақталсын. Кіріспе нұсқама жүргізілгені арнайы журналға тіркелсін. Әр қызметкер тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғауға жауапты екені ескертілсін.

— 5-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды: МДҰ меңгерушісі Мельченко В.А терроризмге қарсы қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқама жүргізді. Қызметкерлерге «Лаңкестік актіге қауіп төнген және жасалған кездегі МДҰ лауазымдық тұлғалары және қызметкерлерінің іс-әрекеттері» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Лаңкестік қауіп туындаған кездегі қызметкерлердің әрекеті, тәрбиеленушілерді қауіпсіз жерге эвакуациялау, бөгде заттарды анықтаған кездегі іс-әрекеттер және тиісті қызметтерге хабарлау тәртібі түсіндірілді.

Қаулы етті: Терроризмге қарсы қауіпсіздік талаптары барлық қызметкерлерге міндетті түрде сақталсын. Қызметкерлер нұсқамамен танысқаны туралы журналға қол қойсын. Эвакуациялық іс-шараларды ұйымдастыру тәртібі тұрақты назарда ұсталсын.

— 6-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды: МДҰ меңгерушісі Мельченко В.А басшының бұйрықтары мен МДҰ-ның жергілікті нормативтік актілерін таныстырды. Қызметкерлерге ұйымның жұмысын ұйымдастыруға қатысты негізгі бұйрықтар, ережелер, нұсқаулықтар және ішкі нормативтік құжаттардың талаптары түсіндірілді.

Қаулы етті: Басшының бұйрықтары мен жергілікті нормативтік актілер қызметкерлер назарына жеткізілсін. Қызметкерлер құжаттардың талаптарын орындауды қамтамасыз етсін.

— 7-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды: Еңбекті қорғау және тіршілік әрекеті қауіпсіздігі жөніндегі комиссия құрамын бекіту мәселесі қаралды. Жиналыс шешімі бойынша комиссия құрамына төмендегі қызметкерлер ұсынылды:

Комиссия төрағасы: Меңгеруші Мельченко В.А

Комиссия мүшелері: Тәрбиеші Өмірбекқызы А, Мейремхан М

Қаулы етті: Еңбекті қорғау және тіршілік әрекеті қауіпсіздігі жөніндегі комиссия құрамы бекітілсін. Комиссия өз жұмысын қолданыстағы талаптарға сәйкес жүргізісін. Еңбек қауіпсіздігі талаптарының орындалуына тұрақты бақылау жүргізілсін.

— 8-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды: МДҰ меңгерушісі Мельченко В.А қызметкерлердің 2027 жылға арналған еңбек демалыстарының кестесін таныстырып, демалыс мерзімдерін қарау және келісу жұмыстарын жүргізді. Қызметкерлердің ұсыныстары ескеріліп, демалыс кестесі талқыланды.

Қаулы етті: Қызметкерлердің 2027 жылға арналған еңбек демалысының кестесі бекітілсін. Бекітілген демалыс кестесі белгіленген тәртіппен сақталсын. Қызметкерлерге еңбек демалысының мерзімдері туралы уақытылы хабарлансын.

ЖАЛПЫ ҚАУЛЫ: 2026–2027 оқу жылында МДҰ қызметінің негізгі бағыттары бойынша белгіленген міндеттер сапалы орындалсын. Барлық қызметкерлер ішкі еңбек тәртібін, еңбек қауіпсіздігі және қауіпсіздік техникасы талаптарын қатаң сақтасын.

Тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіз және жайлы орта қалыптастыру жұмыстары тұрақты бақылауда болсын. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері мен ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын орындауы қамтамасыз етілсін. Осы жиналыста қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау МДҰ меңгерушісі Мельченко В.А жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:

Мельченко В.А

Хатшы:

Мейремхан М әдіскер